

FTAMP 06.71.02

<https://doi.org/10.55956/PZFM1087>

Г.К. Амирова * 

*Бейіні бойынша доктор
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қаласы., Қазақстан
gk.amirova@dulaty.kz*

А.Н. Наренова 

*Экономика ғылымдарының кандидаты
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қаласы., Қазақстан
an.narenova@dulaty.kz*

Е.С. Байтиленова 

*Экономика ғылымдарының кандидаты
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қаласы., Қазақстан
es.bajtilenova@dulaty.kz*

Г.Е. Амалбекова 

*Экономика ғылымдарының кандидаты
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қаласы., Қазақстан
ge.amalbekova@dulaty.kz*

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІК ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

***Аңдатпа.** Экономиканың өнеркәсіптік секторы технологиялық жаңғыртуды, бәсекеге қабілетті бизнес сегментін қалыптастыру мен кешенді қолдануды тұтастай алғанда мемлекеттік әлеуетті дамытудың жетекші факторы болып табылады. Экономиканың қуаты шикізат салалары мен мемлекеттік инвестициялар болып қала береді. Мәселе мынада, өңдеу өнеркәсібіндегі жобалар ұзақ және арзан несиелік ресурстарға қол жетімділіктің болмауына байланысты инвестициялау үшін жеткіліксіз жағдайларға тап болады. Нәтижесінде экономиканың бұл секторы елдің экономикалық кешенінің басқа салаларымен салыстырғанда инвесторлар үшін онша тартымды емес. Демек, өңірлік деңгейде өнеркәсіпті орнықты және сапалы дамытудың негізгі факторы бәсекелестік ортаға әсер етудің заманауи әдістерін енгізу, Жамбыл облысының өнеркәсіп секторында технологиялық және инновациялық тетіктерді қолдану болып табылады. Мақалада Жамбыл облысының өнеркәсіп салаларының дамуына талдау жасалып, өнеркәсіп кешенін дамыту перспективалары қарастырылған. Мақалада Жамбыл*

облысының өнеркәсіп салаларының дамуына талдау жасалып, өнеркәсіптік кешеннің даму перспективалары қарастырылған.

Тірек сөздер. Салалар, жалпы ішкі өнім, Жамбыл облысы, өнеркәсіп өндірісі, инвестиция, кәсіпкерлік, бюджет.

Кіріспе. Қазақстан әлемдік экономикалық қоғамдастықпен тығыз байланысты және қазіргі заманғы трендтер ұлттық мүдделерді ескере отырып, елдің өнеркәсіптік секторын табысты дамыту үшін тез және барабар әрекет ету қажеттігін айғақтайды.

Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында Қ.-Ж.Тоқаев: "экономиканы әртараптандыру міндеті одан да өзекті болып отыр. Металдарды терең өңдеу, мұнай, газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автокомпоненттер мен тыңайтқыштар өндіру сияқты бағыттарға назар аудару қажет. Басқаша айтқанда, жоғары қайта бөлу кластерлерін құру керек" [1].

Бүгінгі таңда Қазақстанда экономикалық қайта құрудың негізгі бағыттарының бірі тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету және ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру мақсатында өнеркәсіп саласында инвестициялық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады. Шетелдік инвестицияларды тарту негізгі активтерді жаңартуға, кәсіпорындарды жаңғыртуға, кадрлар даярлауға, инновацияларды енгізуге және ел экономикасының құрылымындағы басқа да негізгі өзгерістерге ықпал етеді.

"Өнеркәсіптік саясат өнеркәсіпті қолдау мен өсіруге бағытталған ұлттық экономикалық жүйенің барлық деңгейлерінде экономикалық, саяси және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенін білдіреді. Ел өңірлерінің өнеркәсіптік саясаты ресурстарды

экономиканың нақты секторларына бағыттауға деген ұмтылысты білдіреді. Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін инфрақұрылым жетілдірілуде, ол әлемдік стандарттар деңгейіне, әсіресе арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардағы өнеркәсіптік инфрақұрылымға жеткізіледі" [2].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Қазіргі уақытта өңірлік теорияны зерттеу мен Тәуелсіз Қазақстанның ерекшеліктеріне бейімдеуге және оны өңірлерді дамытуға бағытталған практикалық міндеттерді шешуде қолдануға көп көңіл бөлінеді. Соңғы онжылдықтар ішінде Қазақстан экономикасы ТМД-ның басқа елдерінен жоғары қарқынмен дамыды. Пандемия мен әлемдегі саяси процестердің теріс әсеріне қарамастан, экономиканың тұрақты дамуы алдағы онжылдықта да жалғасады деп болжануда.

Экономиканың аумақтық ерекшелігіндегі, бастапқы деңгейлеріндегі, құрылымы мен мамандануындағы айырмашылықтар, сондай-ақ нарықтық реформаларды іске асырудың әртүрлі қарқыны мен нысандары Қазақстан өңірлері арасындағы теңсіздікке әкелді. Өңірлердің әлеуметтік және экономикалық өсуін талдау нарықтық өзгерістердің бүкіл кезеңінде осыны айғақтайды.

Соңғы жылдары Қазақстанда стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге алғашқы қадамдар жасалды. Дегенмен, экономикалық өсудің толық өзін-өзі қамтамасыз етуі және аймақтық

экономиканың тұрақтылығы туралы айтуға әлі ерте, өйткені ол әлі де әлемдік шикізат нарықтарына өте тәуелді.

Зерттеу нәтижелері. Өңірлік саясат әлеуметтік-экономикалық дамуды басқару үшін билік органдары жүргізетін шаралар кешенін қамтиды. Бұл шаралар белгілі бір модельге немесе теорияға негізделген және мұндай практикалық негізді таңдау саясатты іске асырудың тиімділігіне, экономикалық дамудың тұрақтылығына, аумақтық ресурстарды оңтайлы пайдалануға, сондай-ақ өңірлердің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға тікелей әсер етеді.

Қазақстан өңірлерінің дамуын талдау нарықтық реформалардың бастапқы кезеңіндегі аумақтық ерекшеліктердегі, бастау жағдайларындағы, экономиканың құрылымдық саралануындағы және экономикалық дағдарыстардың ерекшеліктеріндегі айырмашылық өңірлердің біркелкі емес дамуына әкелетінін көрсетеді. Экономикалық және әлеуметтік теңсіздік Атырау облысы, Маңғыстау облысы, Астана және Алматы сияқты неғұрлым дамыған "бай" өңірлерде және Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қоса алғанда, аз дамыған "кедей" облыстарда көрінеді.

ЖӨӨ-ге байланысты табысты және аз табысты аймақтар арасындағы саралау деңгейі 9,5 есе болды [3].

Мұндай теңсіздікті диагностикалау алдағы онжылдықта екі қарама-қарсы тенденцияны анықтады.

Егер бастапқы кезеңде диспропорциялардың мөлшері баяу төмендесе, яғни шоғырландыру процесі байқалса, онда алдағы бірнеше жыл ішінде құлдырау орын алып, өңірлердің даму деңгейінің алшақтығы күрт өсе бастады, яғни шоғырландыру процесі байқалды. Бұл жағдайда теріс үрдістерді жоюға

және әлеуметтік-экономикалық дамудың теңгерімді процестерін қалыптастыруға бағытталған өңірлік саясатты іске асыру қажеттілігіне байланысты мәселе туындайды.

"Ғалымдардың пайымдауынша, облыс-тардың дамуындағы елеулі теңсіздік, бір жағынан, Қазақстанның ЖІӨ жыл сайын ықтимал көлемнен 2-3% - ға төмен болуының себебі болып табылады, ал екінші жағынан, жаһандану үдерістерінің күшеюі аясында оның бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді" [4].

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан өңірлерінің біркелкі емес даму проблемалары туындады және ол бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді. Осыған қарамастан, жағымды жақтар бар. Мысалы, өнеркәсіптік Солтүстік пен ауылшаруашылық Оңтүстік арасындағы салмақ дәрежесінде соңғысының пайдасына басымдық бар, өйткені Оңтүстік арзан жұмыс күшін ұсынады және өнеркәсіптік өндіріс пен қызмет көрсету секторының өсуін ынталандырады. Сонымен қатар, Астана және Алматы қалалары урбанизацияға ықпал ете отырып, капиталды тарту орталықтары ретіндегі рөлін тұрақты түрде арттыруда.

Қазіргі уақытта экономиканың жетекші салаларын әртараптандыру көзделмеген. Халықаралық нарықтардағы қысу процестері Қазақстан нарығындағы ішкі экономикалық агенттердің рөлін арттыруы мүмкін.

Жамбыл облысы өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өңірінің әлеуетіне ие және экономиканың барлық салаларында тұрақты өсімге ие. Өнеркәсіп өндірісін әртараптандырудың негізі және өңірдің басым саласы өңдеу өнеркәсібі болып табылады, оның үлесі 73,4% - дан асады. Тау – кен өнеркәсібі 11 пайызды, ал сумен жабдықтау саласы небәрі 0,9 пайызды алады (1-кесте).

Жамбыл облысы минералды-шикізат ресурстарының үлкен қорларына, сондай-ақ тау-кен, химия, тамақ, металлургия және газ өңдеу сияқты дамыған өнеркәсіп түрлеріне байланысты инвестициялық база ретінде тартымды. Құрылыс материалдарының өндірісі де өсуде.

Бүгінгі таңда облыстың өнеркәсіптік өндірісінің негізін 30 мыңнан астам адам жұмыс істейтін 372 кәсіпорын құрайды, бұл экономика саласындағы жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 13 пайызын құрайды.

1-кесте

2022 жылы Жамбыл облысы бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің құрылымы

Көрсеткіштер	Өнеркәсіп өнімдерін (тауарлары н, қызметтері н) өндіру көлемі, млн.теңге	Өнеркәсіп өндірісінің аймақтық көлеміндегі қызмет түрлерінің үлесі, пайыздық үлесі
Өнеркәсіп	504 864,1	100,0
Тау-кен және карьерлерді қазу	55 378,7	11,0
Өңдеу өнеркәсібі	370 544,2	73,4
Электрмен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционермен қамтамасыз ету	74 290,0	14,7
Сумен қамтамасыз ету;	4 651,2	0,9

қалдықтарды жинау, өңдеу және кәдеге жарату, ластануды бақылау жөніндегі іс-шаралар		
---	--	--

Әлемдік экономикадағы келеңсіз үрдістерге қарамастан, өңірде өнеркәсіптік өндірісті дамытудың оң қарқыны сақталған.

2-кесте.

2023 жылы (қаңтар-қазан) құндық мәнде өнеркәсіп өнімі

Аудандар	Өнеркәсіп өнімдерін (тауарларын, қызметтерін) өндіру көлемі, мың теңге	Өнеркәсіп өндірісінің индекстері, % 2022 ж
Жамбылская облысы	694 492 883	104,6
Тараз қаласы	380 748 041	106,2
Байзақ ауданы	5 907 610	100,2
Жамбыл аудан	30 314 978	103,5
Жуалы ауданы	14 074 737	100,3
Қордай ауданы	15 787 481	102,6
Т.Рысқұлов	8 624 777	102,0
Мерке ауданы	15 235 149	90,6
Мойынқұм ауданы	87 961 137	99,0
Сарысу	78 317 328	102,4

ауданы		
Талас ауданы	30 870 300	100,4
Шу ауданы	19 377 200	102,1

Дереккөз: <https://www.stat.gov.kz/>

Облыста бірнеше ірі кәсіпорындар бар, олардың ішінде: "Алтыналмас" АҚ, фосфор өнімдерін өндіретін "Қазфосфат" ЖШС, Минералды тыңайтқыштар зауыты, "Чулактау" АӨК, ферро-оқорытпалар, электрод массасын өндіретін "Тараз металлургия зауыты", сондай-ақ өндірістік қождардан қиыршық тас пен құм дайындайтын, "Имсталькон" АҚ, ЖШС "Ақ-Тас", "Шу локомотив жөндеу зауыты" Қамқор ЖШС, "Жамбылгипс" АҚ, "Амангелді ГӨЗ" (филиал), "Т.И. Батунова атындағы Жамбыл ГРЭС" АҚ, "Фабрика ПОШ-Тараз" ЖШС, "Жамбыл Сенім баспа орталығы" ЖШС, "Запчасть" АҚ, "ТаразҚұрылысИнвест" ЖШС, "Қазфосфатноводжамбул фосфор зауыты" ЖШС, "Таразкожобувь" ЖШС және басқалар" [5].

Бұл кәсіпорындар жұмыс орындарын құру және экономикалық өсуді қамтамасыз ету арқылы Жамбыл облысының өнеркәсіп секторын дамытуға ықпал етеді.

Жалпы Жамбыл облысының өнеркәсібіне келетін болсақ, негізгі өндірістер ірі қалаларда шоғырланғанын атап өткен жөн. Аймақта 3 мыңнан астам кәсіпорын тіркелген және олардың көпшілігі елдің ішкі нарығына бағытталған. Бай шикізат базасы, сондай-ақ өндірістерді тиімді бөлу және дамыған көлік жүйесі өңірдің өнеркәсіптік секторын одан әрі дамытудың кепілі болып табылады.

Аумақтық бөліністегі өнеркәсіптік өндірістің құрылымын қарастыра отырып, нақты көлемнің ең үлкен индексі Тараз қаласына (106, 2%) тиесілі екенін байқауға болады. Деенмен, Меркі

және Мойынқұм сияқты аудандарда өнеркәсіптік өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады (2-кестені қараңыз).

Жамбыл облысының кәсіпорындары натрий триполифосфаты, фосфор, гипс, минералды тыңайтқыштар және портландцемент өндірісін қоса алғанда, өнім нарығында маңызды орын алады. Сонымен қатар, облыс елдің әртүрлі аймақтарына көкөністер, жемістер, макарон өнімдері, гранит, феррофосфор және басқа да тауарларды жеткізеді. Қолайлы инвестициялық климат Оңтүстік Корея, Түркия, Аргентина, Колумбия, Молдова, Украина, Ресей, Тәжікстан, Малайзия, Македония және басқалармен визасыз қатынастардың дамуына ықпал етеді. Шетелдік жұмыс күшін тартудың жеңілдетілген тәртібі бұл саланы шетелдік инвесторлар мен мамандар үшін тартымды етеді.

2022 жылдың есепті кезеңінде Жамбыл облысының өнеркәсіп кәсіпорындары, шағын өндірістерді, қосалқы секторлар мен үй шаруашылықтарын қоса алғанда, жалпы сомасы 881373,2 млн.теңгеге өнім өндірді, бұл өнеркәсіптік өндіріс индексіне 110,5% мөлшерінде сәйкес келеді. Тараз қаласы 522467,7 млн.теңге сомасында өнім шығарып, 112,5% өнеркәсіптік өндіріс индексімен жалпы нәтижеге айтарлықтай әсер етті [5].

Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерден өндіру салалары, сондай-ақ осы салада қызмет көрсету 1,6%-ға біршама төмендегені байқалады. Өңдеу өнеркәсібі 112,1% өнеркәсіптік өндіріс индексімен оң динамиканы көрсетті. Бұл азық-түлік өндірісінің ұлғаюына байланысты.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен қамтамасыз ету саласында өнеркәсіптік өндіріс индексі 115,5% құрады, бұл осы саладағы тұрақты дамуды көрсетеді.

Сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және кәдеге жарату және ластануды жою қызметінде өнеркәсіптік өндіріс индексі 100,7% құрады, бұл секторларда тұрақтылық пен тиімділікті сақтайды [5].

Зерттеу нәтижелерін талқылау. "Бизнестің жол картасы 2025" жүзеге асырыла бастағаннан бері барлық қаржылық қолдау құралдары шеңберінде 2157 жоба іске асырылып жатыр.

2022 жылы "Бизнестің жол картасы 2025" аясында облыс кәсіпкерлері 17 млрд. теңге сомасына мемлекеттік қаржылық қолдауға ие болды.

- пайыздық мөлшерлемені субсидиялау-1 млрд. теңге;
- банктік кредиттердің кепілдігі-428,6 млн.теңге;
- Гранттық қаржыландыру 171 млн. теңге.

"Нұрлы жер", "7-20-25", "Баспана" бағдарламаларын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді.

Қазақстан өңірлерін дамыту үшін енгізілген нарықтық реформалар осы саланың негізгі проблемаларын шешуге алып келген жоқ. Экономикасы әртүрлі өңірлерде, сондай-ақ қала мен ауыл тұрғындары арасында әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық деңгейі мен халықтың өмір сүру деңгейі арасында елеулі теңгерімсіздіктер байқалады. Экономикалық және саяси жағдайды ескере отырып, өңірлік басқару әдістерін қайта қарау және оларды жақсарту қажет.

Жаңа өңірлік саясатты табысты іске асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіндегі орталықтандырылмаған бастамаларды қолдауға, кедей өңірлерде дамуды ынталандыруға, бәсекелестік артықшылықтарды пайдалануға, сондай-ақ әлемдік экономикадағы жаһандық өзгерістерге бейімделуге назар аудару қажет.

Қолайлы географиялық жағдайға ие бола отырып, Қазақстан, әсіресе дамыған көлік инфрақұрылымы жағдайында, негізгі көлік хабына айналуы мүмкін. Сонымен қатар, өңірлік саясат саласындағы стратегия өңірлік экономиканы жаңғыртуға және әлеуметтік-экономикалық даму үшін жағдай жасауға бағытталған.

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін заманауи технологиялар мен басқару әдістерін кеңінен қолдану, сондай-ақ ішкі факторларды ескере отырып, инновацияларды ынталандыру қажет.

Осылайша, қазіргі кезеңдегі өнеркәсіптің дамуының негізгі тенденцияларына мыналар жатады:

- ұлттық компанияларға әлемдік нарықтарда лайықты орын алуға мүмкіндік беретін масштабта заманауи технологиялық деңгейдегі өнімдер өндірісін игеру;
- экономикадағы құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыру, дамыған индустриалды елдің өлшемдеріне жауап беретін өндірістік құрылымды қалыптастыру;
- жаңа әлемдік инновациялық процестерге ену, әлемдік экономикаға толық интеграциялау, барлық маңызды жаңалықтарды, оның ішінде ұйымдастыру және басқару саласындағы жаңалықтарды жедел пайдалану.

Негізгі міндет ғылымды қажетсінетін өндірістердің дамуын ынталандыру үшін шешімдер іздеу, өнеркәсіп салалары мен қызмет көрсету салаларының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды анықтау және олардың қазіргі заманғы дамуы негізінде ұлттық экономиканың жоғары технологиялық сегменттерінің бәсекелестік артықшылықтарын табысты іске асыру үшін қолайлы макроэкономикалық орта құру болып табылады.

Қорытынды. Экономика шикізат салаларына және мемлекеттік инвестицияларға тәуелді болып қала береді, бұл өңдеу өнеркәсібіндегі жобалар үшін ұзақ мерзімді және арзан несиелік ресурстарға қол жетімділіктің шектеулі болуына байланысты. Бұл фактор өңдеуші өнеркәсіп секторын экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда инвесторлар үшін тартымды етеді. Әр түрлі салаларға инвестициялар туралы шешім қабылдаған кезде елдің айтарлықтай бәсекелестік артықшылықтарын

қалыптастыратын басым құзыреттерді ескеру қажет. Өнеркәсіп, қызмет көрсету секторлары, әскери-өнеркәсіптік кешен және әлеуметтік сала арасында бөлінген тікелей ішкі инвестициялар маңызды болып табылады[6].

Осылайша, өнеркәсіптің тұрақты және жоғары сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін бәсекелестік ортаға әсер етудің заманауи құралдарын енгізу, сондай-ақ Қазақстан экономикасының негізгі салаларында технологиялық және инновациялық тетіктерді пайдалану қажет.

Әдебиеттер тізімі.

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>
2. Абдикаримова, К. Современное состояние и развитие промышленной политики регионов Казахстана [Электронный ресурс] // Интернет-журнал «НАУКОВЕДЕНИЕ» Том 9, №5 (2017) Режим доступа: <https://naukovedenie.ru/PDF/35EVN517.pdf> Дата обращения: 1.12.23
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2019 года № 1050. «Об утверждении Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2020–2025 годы»
4. Бюро национальной статистики Республики Казахстан. Stat.gov.kz. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> Дата обращения: 1.12.23
5. Итоги работы промышленности Жамбылской области в 2022 году [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dep-stat-zhambyl/press/news/details/583629?lang=ru> Дата обращения: 1.12.23
6. Дмитрий Л. Как развивается промышленность Казахстана. Strategy2050.kz. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://strategy2050.kz/ru/news/kak-razvivaetsyapromyshlennost-kazahstana> Дата обращения: 1.12.23

Мақала редакцияға 3.01.24 түсті.

Г.К. Амирова, А.Н. Наренова, Е.С. Байтиленова, Г. Амалбекова

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. Промышленный сектор экономики является ведущим фактором развития государственного потенциала в целом, в особенности с учетом модернизации технологической составляющей, формирования и комплексного применения

конкурентоспособного предпринимательского сегмента. Локомотивами экономики продолжают быть сырьевые отрасли и государственные инвестиции. Проблема заключается в том, что проекты в обрабатывающей промышленности сталкиваются с недостаточными условиями для инвестирования из-за отсутствия доступа к длинным и дорогим кредитным ресурсам. В результате этот сектор экономики менее привлекателен для инвесторов по сравнению с другими отраслями экономического комплекса страны. Следовательно, ключевым фактором устойчивого и качественного развития промышленности на региональном уровне является внедрение современных методов воздействия на конкурентную среду, применение технологических и инновационных механизмов в промышленном секторе Жамбылской области. В статье отражен анализ развития отраслей промышленности Жамбылской области, и рассмотрены перспективы для развития промышленного комплекса.

Ключевые слова. Отрасли промышленности, валовый внутренний продукт, Жамбылская область, промышленное производство, инвестиции, предпринимательство, бюджет.

G.K. Amirova, A.N. Narenova, E.S. Baitilenova, G.E. Amalbekova

M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

THE CURRENT STATE AND MAIN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF INDUSTRY IN ZHAMBYL REGION

Abstract. The industrial sector of the economy is a leading factor in the development of state potential in general, especially taking into account the modernization of the technological component, the formation and integrated application of a competitive business segment. Raw materials industries and government investments continue to be the engines of the economy. The problem is that projects in the manufacturing industry face insufficient conditions for investment due to lack of access to long and inexpensive credit resources. As a result, this sector of the economy is less attractive to investors compared to other sectors of the country's economic complex. Therefore, the key factor of sustainable and high-quality industrial development at the regional level is the introduction of modern methods of influencing the competitive environment, the use of technological and innovative mechanisms in the industrial sector of the Zhambyl region. The article reflects the analysis of the development of industries in the Zhambyl region, and considers the prospects for the development of the industrial complex.

Keywords. Industries, gross domestic product, Zhambyl region, industrial production, investments, entrepreneurship, budget.

References

1. The message of the Head of State Kassym-Jomartakayev to the people of Kazakhstan "Economy of the Republic of Kazakhstan" <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>

2. Abdikarimova, K. The current state and development of advanced policy of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource] / K. Abdikarimova / / Online journal "Science Studies" Volume 9, No.5 (2017) Access mode: <https://naukovedenie.ru/PDF/35EVN517.pdf> Date of application: 1.12.23
3. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 31, 2019 No. 1050. "On approval of the State Program of Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025"
4. Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Stat.gov.kz [Electronic resource]. Access mode: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> Date of application: 1.12.23
5. Total work of the breakthrough Zhambyl region in 2022 [Electronic resource] Access mode: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dep-stat-zhambyl/press/news/details/583629?lang=ru> Date of application: 1.12.23
6. Dmitryuk L. How the industry of Kazakhstan is developing. Strategy2050.kz [Electronic resource]. Access mode: <https://strategy2050.kz/ru/news/kak-razvivaetsyapromyshlennost-kazakhstan> Date of application: 1.12.23

Мақалаға сілтеме: Амирова, Г.К. Жамбыл облысындағы өнеркәсіптік дамудың қазіргі жағдайы және негізгі тенденциялары [Мәтін] / Г.К. Амирова, А.Н. Наренова, Е.С. Байтиленова, Г.Е. Амалбекова // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №3. Б.177-185 .
<https://doi.org/10.55956/PZFM1087>